

4. Асаналиев М.К. Педагогические технологии организации самостоятельной работы в учебном процессе. Учебное пособие, Каракол «Педагогика» 2002, с.164

Б.Е. Атымтаева, А.М. Дудабаева

КӘСІПТІК ОҚЫТУ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада кәсіптік оқыту мамандарын дайындауда біліктіліктерін жетілдіру мәселелері қарастырылған.

B.E. Atymtaeva, A.M. Dudabaeva

THE PROBLEM OF IMPROVING THE TRAINING OF TEACHERS OF VOCATIONAL EDUCATION

This article is considered the improvement of independent activity of students as a factor of increasing efficiency.

ӘОЖ 37.067

А.Т. Алжигитова, Н.М. Ильясова

Алматы гуманитарлы-техникалық университеті

СТУДЕНТТЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ - КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа. Жалпы азаматтық даму эволюциясы мен өркендеуінің табиғи-биологиялық, мәдени-ақпараттық-коммуникативтік қырларына негіз болған маңызды сала ақпараттар көзі болып табылады. Бұны тарихқа дейінгі уақыт пен тарихи үдеріске келіп жалғасқан тұтас рухани кеңістік айғақтап отыр. Алғашқы қауымдық дәуірдегі ақпараттың ымдасу, ишара түріндегі бастапқы көріністерінің бастау алған қарапайым хабар алмасудың түрі адамзат өркениетінің өн бойында тұтастай сақталып, белгілі бір даму, сұрыпталу, жетілу кезеңдерінен өтіп, бүгінгі заманға дейін сабақтасып келіп отырған даму қажетті ақпарат құрлымы болып отырғандығы шындық.

Кілт сөздер: ақпараттық - коммуникация, технология, әдіснама, педагогикада ұстанымдар, педагогикалық үдеріс, үздіксіздік, сабақтастық.

Адамзат мәдениеті ақпараттық бірліктерсіз өмір сүре алмайтындығын, өздігінен қалыптасып, тасымалданып отыратын ақпарат көздер арқылы өрлейтіндігін дәлелдеп, онсыз ақпараттық-коммуникативтік прогрестің де қамтамасыз етілуі мүмкін еместігін айғақтап береді. Ақпарат – қоғамның мәдени-ақпараттық-коммуникативтік, рухани-саяси өрлеуінің негізгі құралы екендігі тарихи дамудың басты қағидасы ретінде айқындалады. Сондықтан, ақпараттар қоғамдық тарихи үдерістің тұтас өн бойында сақталған, бүгінгі күнге дейін жалғасқан және болашақта бола беретін ақпараттық-коммуникативтік уақыттық-кеңістік өлшемінің басты парадигмасы екендігі сөзсіз.

Бүгінгі таңда еліміздің әлемдік білім кеңістігіне кіруі оны халықаралық деңгейге сай құруды, әлемдік ақпараттар ағымына ілесуді, өркениеттік талаптарға сай құрылған

нормаларды мойындап, оны ұлттық және жалпы адамзаттық негізде жетілдіруді қажет етеді. Бұл – мемлекетіміздің бәсекелестік қабілетті дамыту стратегиясына, алдағы уақытта экономикасы дамыған алдыңғы қатарлы 50 елдің біріне ену жоспарына, біртұтас экономикалық және ақпараттық кеңістік құруға ұмтылу жүйесін қамтамасыз етудің мүмкіндіктерінің басты көзі болып табылады [1].

Біріншіден, ғылымдық ақпарат ғасырында өмір сүріп отырған қоғам дамуында адамзат білімінің құндылығы басты орын алады. Олай болса, әлемдік аймақтағы мемлекетіміздің орны білім мен ғылым дамуының бағыттарына, негізгі өркениеттік ұстанымдарды игеруіне және нақты жетістіктеріне тікелей байланысты.

Екіншіден, білім беру – қазіргі қоғамдағы басты құндылық адам ресурсының толыққандылығын ұсыну мен оның сол мемлекеттің әлемдік деңгейде дамуына мүмкіндіктер ашатын интеллектуалдық, саяси т.б. қалыптастырудың алғашқы баспалдағы болып табылады.

Үшіншіден, бүгінгі жалпы азаматтық ақпараттық қоғамның талаптарына сай ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін еркін меңгеру, «ақпараттанған қоғамда ақпараттанған адам» дайындау да білім беру жүйесіне тікелей байланысты екендігі сөзсіз.

Тұлғалық-әрекеттік компонент жобалауда қойылған міндеттерді шешуде оқытушылардың студенттермен, әріптестерімен педагогикалық ұтымды қарым-қатынастарды тағайындаумен байланысты іс-әрекеттерді қамтиды. Осы компонент арқылы бірлескен іс-әрекет пен тілдесу жүзеге асырылатын, эмоциялық-психологиялық және іскерлік қарым-қатынастар, құндылықтық бағдарлар дамыған білім беру ортасы қалыптасады. Мұнда курсқа қатысушы оқытушылардың шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуын қамтамасыз ететін өзіндік жұмыстарға ерекше назар бөлінеді. Университеттік білім беру жағдайындағы студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды әдіснамалық, теориялық және ғылыми-әдістемелік білімдер жүйесінің бірлігінде қарастырайық.

Әдіснама дерексіз - қисындылық, категориялы - ұғымдық аппаратты қалыптастыру ұстанымдары мен әдістерінің жүйесі, таным объектісі мен субъектісінің өзара әрекеттестігін, сонымен қатар осы жүйе туралы ілімді ашып мазмұндайтын талдаудың ең жоғары формасы, яғни әдіснама-тікелей түйсінуден дерексіз ойлауға, әлемді сезіммен көрнекі қабылдаудан, ол туралы дерексіз ойдың қалыптасуына дейінгі қозғалыс механизмін түсіндіретін ұстанымдар жүйесі [2].

Университеттік білім беру жағдайындағы студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған іс-әрекет жалпыдан, яғни білім берудің әдіснамалық білімдерінен (заңдылықтар, ұстанымдар, теориялар, тұжырымдамалар, әдістер, ұғымдар және түсініктер) жекеге - оқытудың жалпы әдістемесіне, яғни жалпы орта және жоғары педагогикалық білім беру дидактикасына бағытталады.

Жоғары деңгейдегі білім беру саласына қатысты негізгі философиялық заңдарды, яғни әдіснамалық білімді зерделеудің маңыздылығы студенттердің білім кеңістігін қайта құруға қажетті жоспарларды жасауға бағыттайды. Олар тұлғаның өзін-өзі көрсетуіне, шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдайлар жасайды.

Әдіснаманың келесі деңгейіне белгілі бір ғылымға тән әдістер, ұстанымдар, білімдер жиынтығы жатады. Студенттердің пәндерді оқытуға даярлауда әдіснамалық білімнің бұл деңгейі педагогикалық пәндерді оқытуда тереңдетілген іс-әрекет әдіснамасы туралы түсініктерін қалыптастырудан көрінеді.

Әдіснамалық білімдер жүйесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы жалпы білім беру және кейбір базалық пәндерді оқыту барысында педагогика әдіснамасы, кәсіби педагогикалық білім беру педаго-

гикасындағы әдіснамалық тұғырлар, философиялық ілімдер бойынша алатын білімдері арқылы қалыптасады.

Теориялық білімдер жүйесін мемлекеттік стандарттағы базалық пәндерден берілетін білімдер – тұлғаның іс-әрекетте даму теориясы, іс-әрекет теориясы, пәндердің интеграциясы туралы теориялар көлемі құраса, ғылыми-әдістемелік білімдер жүйесі пәндері арқылы берілетін тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін, оқытудың, тәрбиелеу мен дамытудың психологиялық заңдылықтары, педагогиканың теориялық негіздері, оқытудың әдістері мен тәсілдері туралы білімдер көлемі негізінде зерделенеді.

Іс-әрекеттің әдіснамасы әдіснамалық білімнің нақты ғылыми деңгейдегі өзегі болып саналады. Жалпы іс-әрекеттің объектісі мен субъектісінің әрекеттестігін сипаттайтын, студенттердің оқу-шығармашылық іс-әрекетінің ең төменгі формасының жоғарыға дейін дамуын болжамдайтын ұғымдық аппаратты қалыптастырудың ұстанымдары мен әдістерінің жүйесі ретінде, сонымен қатар осы жүйені сипаттайтын ілім ретінде қарастырамыз.

Әдіснамалық білім деңгейлеріне жасалған талдау студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық тұжырымдамасы ретіндегі жүйені жасаудың қажетті шарты болып табылады, ол бүгінгі таңда қазіргі қоғам сұранысының талаптарына сай студенттердің терең әдіснамалық және жалпы теориялық тұрғыда даярлау қажеттілігі мен оны педагогикалық жоғары оқу орындарында қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негізделуінің жеткіліксіздігі; студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттілігі мен жоғары оқу орнында жүзеге асыру әдістемесінің болмауы; студенттерді дайындаудың қазіргі жағдайы мен университеттік білім беру жағдайындағы студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндіктерінің толық пайдаланылмауы арасында кездесетін бірқатар қайшылықтардың шешімін қамтамасыз ететін әдістер мен құралдарды теориялық тұрғыда негіздеуге бағытталады [3].

Университеттік білім беру жағдайындағы студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін дайындау белгілі бір заңдылықтар мен педагогикалық үдеріс ерекшелігін ескере, ғылым негізделген бағдарларға сүйену қажеттігін тудырады. Олар теориялық ізденісті практикамен байланыстыратын оқыту ұстанымдары болып табылады. Оқыту ұстанымдары оқытудың мазмұнына, ұйымдастырылуына және әдістемесіне қойылатын талаптар жүйесін анықтайтын негізгі жағдайлар.

Ұстаным (принцип – латын сөзі) – басшылыққа алынатын идея, негізгі талап, қағида дегенді береді. Ұстанымдар – бұл үдерістің мақсаты мен заңдылықтарына сәйкес білім берудің мазмұнын, ұйымдастырылу формаларын және әдістерін анықтайтын негізгі қағидалар [4].

В.А. Сластенин және И.Ф. Исаев оқытудың ұстанымын «ұстаным – бұл практикалық мақсаттағы ғылыми нәтижелердің өзінің көрінісін түрлерде, соңғы нәтижелерінде және білім беру қызметінің тұрғызу нүктесі болып табылатын жинақталған ұғым» деп түсіндіреді [5].

Жалпы педагогикада ұстанымдар – бұл білім беру мен тәрбиенің мақсатына сәйкес оқытудың заңдылықтарын қолдану тәсілдерін сипаттайтын дидактика категориясы. Бұдан ұстанымды таным заңдылықтарының әдіснамалық бейнеленуі деп ойлауға болады. Келесі бір пікір бойынша ұстаным – бұл әдіскерлер үшін оқу материалының мазмұны мен оны оқу құралдарында баяндаудың логикасын, әдістер, құралдар және формаларды реттеу үшін қолданылатын тәжірибе нормасы ретіндегі білім .

Педагогикалық теорияда оқу жұмысын ұйымдастырудың ондаған ұстанымдары бар (жалпы педагогикалық, дидактикалық, психологиялық, арнайы және т.б.).

В.А. Сластенин және И.Ф. Исаев жоғары мектепте университеттік білім беру жағдайында студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда

педагогикалық мәдениеттің бірнеше ұстанымдарын атайды, олар құзыреттілігін қалыптастыруда да көкейкесті болады деп есептейміз:

- білім беру мен өз бетінше білім алуды өзара байланысты ұйымдастыру жүйесіндегі жекелік және саралау ұстанымы;

- жоғары оқу орнындағы білім беру үдерісінде педагогикалық бағыттылық ұстанымы;

- ғылыми және педагогикалық қызметтің қайшылықты бірлігі ұстанымы;

- үздіксіздік және сабақтастық ұстанымы;

- оқытушының инновациялық қызметке қосылуы ұстанымы;

- тұлға қалыптастырудағы жүйелілік, тұлғалық-әрекеттік тұғырлардың бірлігі ұстанымы [5].

Осы айтылғандарды негізге ала отырып, біз болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру жүйесінің негізін құрайтын ұстанымдарды былайша белгіледік: маманды даярлауға саралы көзқарас негізінде жүзеге асатын *педагогикалық үдерістің мақсаттылығы* ұстанымы; мұғалімді терең әдіснамалық және теориялық тұрғыда даярлау қажеттілігі мен осы даярлықтың практикалық-қолданбалық бағыттылығын күшейту арасындағы қайшылықты шешуге бағытталған *теорияның практикамен өзара оңтайлы байланысы* ұстанымы; болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың үздіксіздігін сипаттайтын *үздіксіздік және сабақтастық* ұстанымы және мамандық таңдаудың баламасы ретінде барлық білім жүйесінде (жалпы білім беретін мектептер, шағын комплектілі мектептер, гимназиялар, лицейлер) басқарушылық, психологиялық-педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік сипаттағы шаралар жүйесін жүзеге асыру негізінде жетілетін жас маманның кәсіби бейімделуі ұстанымы.

Студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі бағыты – оларды бүгінгі қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, өз еркімен шешім қабылдай алатын болашақ маман ретінде қалыптастыру. Студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мен дамыту бағытында университеттік білім беру жағдайында маңызы өте зор.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы /Егемен Қазақстан, 1997, 11 қазан.

2. Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика формирования: Монография. – Алматы: Алем, 2000.

3. Кенжебеков Б. Маманның кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізі // Бастауыш мектеп. – 2004. – №7. – 15-19 бб.

4. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздіктері. – Алматы: Мектеп, 2002. – 256 б.

5. Сластенин В.А., Исаев И.Ф. Ведущие тенденции и принципы формирования профессионально-педагогической культуры преподавателя высшей школы// Формирования личности учителя: //межвуз.сб.научн.тр. –М.: Прометей, 1995. –С. 3-23.

А.Т. Алжигитова, Н.М. Ильясова

ФОРМИРОВАНИЯ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ СТУДЕНТОВ

В статье рассматриваются вопросы формирования информационно-коммуникативной компетентности студентов.

A.T. Alžigitova, N.M. Ilyasova

FORMATION OF INFORMATIONAL AND COMMUNICATIVE COMPETENCE OF STUDENTS

In the article the questions of formation and communicative competence of students.

ӘОЖ 378.01

Е.А. Абетаева

Алматы гуманитарлы-техникалық университеті

«ТЕХНОЛОГИЯ» ПӘНІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Андатпа. «Құзіреттілік» сөзі «құзыр» сөзінен алынған туынды сөз екендігіне баса назар аударамыз. Бұл туралы қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «құзыр (компетенция) – жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деп берілген. Ал Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында «құзірет (компетенция)» – нақты органның не лауазымды тұлғаның заң жүзінде белгіленген өкілеттіліктерінің, құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы деп көрсетілген. Латын тілінен аударғанда «құзіреттілік – өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі» деген мағынаны білдіреді. Белгілі бір саладағы құзіреттілікті меңгерген тұлға өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған қандай да бір негізі бар ой-тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды есептеуге болады.

Кілт сөздер: құзіреттілік, метапәндік, аналитикалық іскерлік, болжау іскерлігі, мобилизация

Бүгінгі таңда «құзіреттілік» ұғымымен қатар «түйінді құзіреттіліктер» ұғымы да кеңінен қолданылуда. Ол «Еуропаға арналған түйінді құзіреттіліктер» бағытын ұстанатын Еуропа Кеңесі көлемінде айқындалған стратегиядан бастау алады. Бұл түйінді құзіреттіліктер саны жағынан да, мазмұны жағынан да (құндылықтық мәндік, жалпы мәдени, оқу-танымдық, ақпараттық құзіреттіліктер, т.б.) әркелкі [1].

Технология пәні оқушыны даярлау жүйесінде басты элемент болып табылады. Технология пәні арқылы оқушы құзыреттілігін дамыту негізінен, үш түрлі мақсатты көздейді:

Біріншісі мақсаты - табиғат, қоғам, техника, өнер туралы ғылыми білім негіздерін меңгеру. Бұған ғылымдағы негізгі заңдылықтардан, фактілерден, жетекші ұғымдағы негізгі заңдылықтардан, фактілерден, жетекші ұғымдар мен идеялардан басқа, дүниетанымдық идеялар мен сенімдер, практикалық біліктер мен дағдылар және ғылыми ойлау тәсілдері жатады.